

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮРДІСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ
НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**Аңдатпа**

Мақалада жер ресурстарын басқару жүйесінің құқықтық үрдісін құрудағы негізгі бағыттар, жер ресурстарын басқарудың негізгі аспектілері және қоғамдық қатынастарды да реттейтін заңнамалар мен жер заңдарын сәйкестендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Жер кодексінде өзгерістер мен толықтырулар жазылған.

Кілт сөздер: жер, жер ресурстарын басқару.

Кіріспе

Жер ресурстарын басқару жер қатынастарын өндірістік күштер мен қалыптасқан өндірістік қатынастарға сәйкес келтіру мақсатында жер қатынастарының жүйесін реттеу және жер қорын мейлінше ұтымды, тиімді пайдалануда қамтамасыз ететін мемлекеттік құқықтық, ұйымдастырушылық, жоспарлы-экономикалық шаралардың жиынтығын қамтиды [1]. Сондықтан жер ресурстарын басқару – бұл күрделі ұйымдасқан жүйе. Ол келесідей аспектілерден тұрады:

- саяси, жер ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі әлеуметтік-саяси, экономикалық және экологиялық міндеттерін орындауды қамтамасыз етеді;
- әкімшілік-басқару, жер ресурстарын басқару органдарының жүйесін құрумен, олардың өкілеттіктерін ажыратумен, олардың өзара келісімделген функцияларды орындауын ұйымдастырумен байланысты болады;
- құқықтық, заңнамалық актілерде бекітілген құқықтық нормалар негізінде жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз етеді;
- ғылыми, ғылыми-техникалық прогресс жетістіктерін ескерумен бірге, жер ресурстарын басқару жөніндегі ғылыми нұсқаулар дайындаумен байланысты болады;
- экономикалық, жерді тиімді пайдалану жағдайларын айқындайды;
- енгізу, жерді ұтымды пайдалану және қорғау бойынша экономикалық, әлеуметтік және басқа да тетіктерді, ынталандырулар мен іс-шараларды дайындап, жүзеге асырумен байланысты болады.

Осы аспектілердің ішінде негізгі бір түрі – құқықтық. Бұл аспектінің мақсаты - заңнамалық актілерде сәйкес жерді ұтымды пайдалануды және қорғау. Жерді ұтымды пайдалану және қорғауды қамтамасыз ететін негізгі заңнамалық акт 2003 жылғы 20-маусымда №442 қабылданған Жер кодексі. Бұл кодексте жерге байланысты негізгі ережелер, жерге меншік құқығы, жер пайдалану құқығы және жерге өзге де заттық құқықтар, жер санаттары, жерді қорғау, мемлекеттік бақылау, жерге орналастыру, мониторинг және жер кадастры, жер заңдарының орындалуын қамтамасыз ету және қорытынды ережелер қарастырылған [2].

Жер кодексінің ережелерін жүзеге асырудың стратегиялық жоспарларының негізгі бағыттарының бірі жоғары өнімді, экологиялық тазалыққа бағытталған және лайықталған жер пайдалану, жерге орналастыруды, жер ресурстарын басқарудың экономикалық тетіктерін жетілдіру, жер заңнамасының сақталуын бақылауды қалыптастыру арқылы жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Ағымдағы жылы жер қатынастарын реттеуде, жерді пайдалануы бойынша түрлі деңгейдегі құқықтық нормативтік актілер қабылданған. Басқада қоғамдық қатынастарды да реттейтін заңнамалар мен жер заңдарын сәйкестендіру мақсатында Қазақстан

Республикасының Жер кодексінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет. Олар:

- жер телімдерін ықылассыз қараушылар тізімін құру және жүргізу;
- жер иеленуші немесе пайдаланушылар келісім шарттағы көрсетілген шарттарды орындамаған жағдайда жергілікті атқарушы орган бір жақты шартты бұзу құқығына ие болу;
- жер иеленушілер мен жер пайдаланушылар егер де жер телімдерін дұрыс пайдаланбаса және жер заңдарын бұзған жағдайда мемлекет мәжбүрлеп алып қою бойынша жаңа тәртіп енгізу;
- шаруа (фермер) қожалығын және тауарлы ауылшаруашылық өндірісін жүгізу үшін жер телімдерін кезең-кезеңімен беруді жүргізу.
- мемлекеттік жер кадастрын жүргізуді жетілдіру бағыты бойынша жасалатын жұмыстар түрін көбейту.

Жер заңын алдағы уақытта жетілдіру мақсатында келесі сұрақтар мен нормалар зерттеліп жатыр:

- жеке тұрғын үй құрылысын жүргізу үшін жер телімдерін беру үрдісін жетілдіру;
- елді мекен шегінде жер учаскелеріне құқықтарды беру тәртібінің бірнеше нұсқасын жасап және оны таңдап алу;
- «пайдаланбаған жерлер» және «ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдаланбау» ұғымын нақтылау;
- жерді сақтық қорда сақтау тәртібін дайындау.

Қазақстан Республикасында жер ресурстарын басқару жүйесін әрі қарай дамыту үшін жер құқығының объектісі ретіндегі жерге қатысты құқықтық қатынастарды кешенді реттеуді қамтамасыз ететін толыққанды жер заңдарын құру қажет.

Бұл объектінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, жер ресурстарын басқару жүйесінің құқықтық механизмін құрудағы негізгі бағыттар келесілер:

- жерді негізгі табиғи ресурс ретінде құқықтық реттеу (жерді ұтымды пайдалану және қорғау мәселелері);
- жерді меншік құқығының объектісі ретінде құқықтық реттеу (жер учаскелері айналымының ерекшеліктерін белгілеу);
- жерді ұтымды пайдалану және қорғауды, оңтайлы жер пайдаланудың экологиялық нормативтерін енгізу іс-шараларын әзірлеу және жүзеге асыру кезінде ландшафтық-экологиялық тәсілді кезең-кезеңмен іске асыру;
- әлеуметтік-тиімді жер нарығына және жерді ұтымды пайдалануды және қорғауды экономикалық ынталандыруға көшу болып табылады [3].

Әдебиеттер

1. *Есполов Т.И., Сейфуллин Ж.Т.* Жер ресурстарын басқару. – Астана: Парасат әлемі, 2005. – 284 б.
2. *Варламов А.А.* Земельный кадастр. Том 2. Управление земельными ресурсами М.Колос С, 2004. – 528б
3. Қазақстан Республикасының Жер кодексі. – Алматы: Юрист, 2014. – 104б.

Калменше Л.А.

ОСНОВНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРАВОВОЙ МЕХАНИЗМ В УПРАВЛЕНИИ ЗЕМЕЛЬНЫМИ РЕСУРСАМИ

В статье описаны основные направления создания юридического процесса управления земельными ресурсами, основные аспекты управления земельными ресурсами, а также законодательства, регулирующего общественные отношения, для того, чтобы выявить изменения и дополнения в Земельный кодекс Республики Казахстан.

Ключевые слова: земля, управление земельными ресурсами.

Kalmenshe L.A.

THE MAIN DIRECTIONS OF A SOVERSHENSTVANIYE A LEGAL MECHANISM IN MANAGEMENT OF LAND RESOURCES

The article describes the main areas of the legal process of creating land management, the main aspects of land management, as well as legislation regulating public relations, in order to identify changes and amendments to the Land Code of the Republic of Kazakhstan.

Key words: land, land management.

ӘОЖ: 633.11:631.527.(574.25)

Камали Ж., Сарбаев А.Т.

*Қазақ ұлттық аграрлық университеті,
Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ КҮЗДІК ҚАТТЫ БИДАЙ СЕЛЕКЦИЯСЫНЫҢ ИММУНОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның оңтүстік-шығысы жағдайында күздік қатты бидай сортүлгілерін сары тат ауруына төзімділігін зерттеу бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелері келтірілген. Зерттеулерде бидайдың келешегі мол сорттарының шаруашылық-құнды қасиеттерінің белгілі бір көрсеткіштері бойынша ерекшеліктері айқындалған.

Кілт сөздер: күздік қатты бидай, иммунитет, сары тат, төзімділік, сортүлгілер.

Кіріспе

Агроөнеркәсіп кешені Қазақстан экономикасының жетекші салаларының біріне жатады. Біздің мемлекетіміз қазіргі кезде астық экспорты бойынша дүние жүзінде алтыншы орынды иеленді. Экспорттың әлеуеті жылына 8-10 млн. тонна аралығында деп бағаланады. Қазақстандық астық әлемінің 40- тан астам еліне экспортталады [1].

Дәнді астық дақылдары ішінде бидай өте құнды тағамдық өсімдіктердің бірі ретінде дүниежүзінде 230 млн.га егіс алқабын алып жатыр, оның ішінде күздік бидай егістері 35%-ын құрайды, ал оның астық өнімі орта есеппен 25,4ц/га [2].

Өнімі мол, сапасы жоғары күздік бидай сорттарын өндіріске енгізу, астық шаруашылығының негізгі мәселелерінің бірі. Бидайдан мол өнім алу себілетін тұқымның сапасына, сорттарды өсіру агротехникасына, жергілікті жердің экологиялық жағдайына, сорттардың ауруға төзімділігіне тығыз байланысты [3].

Сары тат бидай өсірілетін егістік аймақтарында кеңінен таралған. Бидай сорттарының сары татпен зақымдануы егін өнімінің және бидай дәнінің сапасының кемуіне әкеледі [4].

Қатты бидай өсіретін барлық мемлекеттер үшін негізгі мәселе – оның өнімділігін көтеру және тұқымның технологиялық сапасын арттыру. Дәнді дақылдардан жоғары және сапалы өнім алуға саңырауқұлақ ауруын қоздыратын әр түрлі патогендер әсер етеді. Қазақстанның бидай егістігінде сары тат (*P. striiformis tritici*) ауруы кеңінен таралған және аса зиянды болып есептеледі [5].

Бұл ауру түрі бидайды бүкіл вегетация бойы зақымдайды және осы уақыт аралығында өсімдіктегі су режимін бұзады, мезгілсіз сабақтың және жапырақтың қурауына әсер етеді және дәнінің сапасын нашарлатады, сол себепті бидайдың өнімі мен сапалық қасиеттері